ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 сәуір №5165-24-00-2/467 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Алпамыс» Алпамыс Нұрғалиұлы Балабек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Б.Х.Шанаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 15 қаңтарда тараптар арасында №5 санды электронды түрде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - шарт) түзіліп, қазынашылық органда тіркелген.

Жауапкермен 3 029,97 теңге көлеміндегі шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы төленген.

Шарттың №1,2 қосымшаларына сай жауапкер қыржылық жыл мерзімінде тапсырыс берілген күннен бастап бір және екі күнтізбелік күн ішінде 100 999 теңгеге компьютерлік/периферияльық оргтехникаға/жабдықтарға және олардың бөлшектеріне техникалық қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Шарттың шеңберінде талап қоюшы 2024 жылдың 2 ақпанында жауапкерге өтінім жолданған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер қызметтерді көрсетпей, өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

Жауапкерден талап қою бойынша қарсы пікір келіп түспеді.

Талап қоюшының өкілі Б.Х.Шанаев талап қоюды қолдап, жауапкер бүгінге шарттың талаптарын мүлдем орындамағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Тиісті түрінде хабарланған жауапкердің өкілі сотқа келмеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сай іс келмеген жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай шарт 2024 жылдың 15 қаңтардан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындаған.

Демек, жауапкер шарттың №1,2 қосымшаларына сай қызметті талап қоюшының ұсынымы негізінде екі жұмыс күнінде орындауға тиіс болған.

Алайда, бүгінге жауапкер шарттың міндеттемелерін орындамаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 15.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.05.2024, судья Чингиспаева К. С., 20.05.2024

5165-24-3-1/396

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Алпамыс» Алпамыс Нұрғалиұлы Балабек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Алпамыс» Алпамыс Нұрғалиұлы Балабектен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **К.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 15.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.05.2024, судья Чингиспаева К. С., 20.05.2024

5165-24-3-1/396